

Тәуелсіздік те бақыт сияқты, бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ДҮБІРЛІ ДОДА



ЕЛІМІЗ ҮШІН
ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ
джиу-джитсудан
халықаралық
турнир өтті

3

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ



«АРТЫҚ
АҚШАНЫ» АЛУ
мерзімі ұзартылды

4

#ЕКПЕАЛ

2021 жылғы 10 желтоқсандағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 033 048

II компонентпен
990 908

адам вакцина салдырды

2021 жылғы 10 желтоқсандағы мәлімет бойынша Қазақстанда

I компонентпен – **8 834 625** адам,
II компонентпен **8 260 725** адам
вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

11.12.2021

Түнде:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с

12.12.2021

Түнде:



0-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БИІК ТҰҒЫР ЖОҚ

Шаһарда «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты салтанатты шара өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨК БАЙРАҚ ТҰҒЫШ ЖЕЛБІРЕГЕН ҚАЛА

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні біз үшін – мемлекетіміздің мызғымас беріктігі мен тұтастығын, татулығы мен шайқалмас шаңырағының биіктігін дәлелдейтін ұлы күн! Оның еншісінде еліміздің, қаланың және әрбір алматылықтың барлық жетістіктері мен табыстары бар. Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің құттықтау сөзінде айтты. Ресми бөлімді ашқан шаһар басшысы «Алматы – Ұлт Тәуелсіздігінің Көк Байрағы тұңғыш желбіреген қала» деп, тарихи тұрғыдан мегаполистің ерекше рөлін атап өтті. Дәл осы жерде 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі ресми түрде жарияланды. Алматы төрінде тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаған, еліміз бен ұлтымыз үшін мәртебесі биік бірнеше аса маңызды құжаттар қабылданды.

2

ТӘУЕЛСІЗДІК-30

АЖАРЫ АЙШЫҚТЫ АЛМАТЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ару Алматының келбеті көз тартарлықтай құлшырып кетті. Мегаполистің орталығындағы және қаланың барлық аудандарындағы алаңдар, даңғылдар мен көшелер тақырыптық көркем жарықпен, мемлекеттік рәміздері бар баннерлермен және инсталляциялармен безендірілді.

6-7

ҚЫСҚА...

- Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан халқы 4 млн. адамға көбейген.
- Зейнетақы жинағындағы артық қаржыны «Отбасы банкке» 16 желтоқсаннан бастап аударуға болады.
- Алдағы ҚР Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесі қарсаңында қосымша 3 жолаушы пойызы жүреді.
- «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иелеріне жәрдемақы тағайындау тәртібі жеңілдетілді.
- Қазақтың классик ақын-жазушыларының Түркияда басылып шыққан 24 кітап-альбомының 2000-ға жуық данасы қала кітапханаларына табысталды.
- Америкалық Pantone түстер институты лаванда реңкін келер жылдың негізгі түсі ретінде тандады. 2021 жылдың негізгі түсі қою сұр болған.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН БИІК ТҰҒЫР ЖОҚ

Шаһарда «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты салтанатты шара өтті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

«Мемлекеттің егемендігі туралы Декларация, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы, еліміздің Конституциясы, мемлекеттік Рәміздерді бекіту, Қарулы Күштерді құру, ұлттық валютаны енгізу сияқты мәні жоғары шешімдер Алматы қаласында жүзеге асты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің жалпыхалықтық сайлауының қорытынды нәтижесі де осы біздің Алматыдан жаһанға тарап еді. Тура, дәл осы залда осыдан 30 жыл бұрын еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылғы 10 желтоқсанда Аңт қабылдаған сәтін көзі көрген алдыңғы буын өкілдері үлкен толғаныспен еске алады. Сонымен қатар, 1998 жылы Елбасы қол қойған «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңды айрықша айтуға болады! Ал Арқаға бет алған алғашқы қоңыраулы көш те осы асқақ Алатау баурайынан басталғаны баршаңызға мәлім. Елбасы осындай сәттерді көңіл көкжиегін биікке ұшыра отырып, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі!» деп, қаламыздың тарихи бағасын тасқа басып және әділ орнын ерекше бағалағанын барша алматылықтар бүгінге дейін аса зор мақтанышпен еске алады», – деді Бақытжан Сағынтаев.

ҚАШАН ДА КИЕЛІ, ҚАШАН ДА КАСТЕРЛІ АСЫЛ ҚАЗЫНА

Мегаполис басшысы алда келе жатқан Тәуелсіздік мерекесін алматылықтардың асқақ сезіммен қарсы алатынын қадап айтты. Өйткені, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – мемлекетіміздің мызғымас беріктігі мен тұтастығын, татулығы мен шайқалмас шаңырағының биіктігін дәлелдейтін ұлы күн! Жұмыр жердегі қандай халық болса да, азаттықтан асқан ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Ұлттық Тәуелсіздігіміз – біз үшін қашан да киелі, қашан да қастерлі, мәні биік, мәртебесі жоғары асыл қазына.

Тәуелсіздік мерекесі Тонықөк заманынан аманат болған «Мәңгілік Ел» мұратына нық қадам басып, табанды өркендеу бағытын берік ұстанған, тамырын тереңнен тартқан Ұлы дала төсіндегі қазақ елінің бай тарихын

дағы ең басты оқиға болды. Бұл ретте Ұлт Тәуелсіздігін нығайту мақсатында өткенімізді саралап, болашағымызды бағдарлаған Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі айрықша құрметке ие.

Тәуелсіздік туралы сөз болған тұста біз 1986 жылғы «Желтоқсан» оқиғасын айналып өте алмаймыз. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор» деп атап өткенін жақсы білеміз. Сол азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандары да бүгін ортамызда отыр.

Ал Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жақын күнде жариялаған «Тәуелсіздік тағылымы» деген тарихи мақаласында «Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде, өз дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық» деген болатын.

– Алматы қаласы тәуелсіздіктің ұлы бастаулары мен жаңа құндылықтарын алтын бесігінде аялап, алақанында тербеді.

Бүгінде экономикасы нығайған, өндірісі өркендеген, руханияты өрлеген, кәсіпкерлігі дами түскен, ғылымы қанат қаққан жастар қаласы Алматының Ұлт Тәуелсіздігі тұғырын нығайту жолында еңбек ете берері сөзсіз.

Осындай ұлы істерді іске асыруда барша қазақстандықтар сияқты алматылықтардың да үлесі ерен, – деді Бақытжан Сағынтаев.

СЕРПІНДІ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚҰАТТЫ ҚАЛА

Ел Президентінің тапсырмасы бойынша Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысқан Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев қала тұрғындары алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында өзінің мемлекеттілігін қалыптастырғанын және мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық ресімдеуді жүргізгенін айтты. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатының арқасында еліміз халықаралық қоғамдастықтың толыққанды және ықпалды мүшесіне айналғанын, жаңа астана салынғанын, еліміздің өңірлері де қарқынды дамығанын атап өтті. Спикер еліміздің тәуелсіздік жылдары қол жеткізген

жетістіктері, еліміздің басынан өткерген қиындықтары мен сынақтары жайында айтып, мемлекетіміздің нығайып, әлеуметтік-экономикалық дамуына, әлемдік аренада өзіндік орын алуына Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбек сіңіргенін жеткізді. Осынау жасаппаздық жолды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың лайықты жалғастырып жатқанына айрықша маңыз берді.

«Тәуелсіздік жылдарында Алматы дамуға айтарлықтай серпін алды. Бүгінде бұл тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл постсоветтік кеңістіктің ең серпінді дамып келе жатқан және экономикалық қуатты қалаларының бірі. Еліміздегі әрбір бесінші кәсіпкер Алматыда жұмыс істейді. Мұнда сапалы адами капитал шоғырланған. Болашақ экономиканың «жаңғырту өзегі»: креативті тап пен белсенді азаматтық қоғам қалыптасты. Мегаполиске еліміздің әр өңірінен таланттар ағылып келіп жатыр. Алматы – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға инвестициялар бойынша көшбасшы. Мемлекет басшысы атап өткендей, Алматының креативті экономиканы дамыту жөніндегі тәжірибесін бүкіл елге тарату қажет», – деді Мәулен Әшімбаев.

Бұл күні қоғам қайраткерлеріне, желтоқсан ұйымдарының басшыларына, мемлекеттік қызметшілерге, ғылым мен өнер қайраткерлеріне мемлекеттік наградалар тапсырылды. Салтанатты шара барысында Мәулен Әшімбаев пен Бақытжан Сағынтаев Президенттің атынан ел мен қаланың дамуына ерекше үлес қосқан алматылықтарға мемлекеттік наградаларды тапсырды. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталса, белгілі журналист, жазушы Уәлихан Қалижанға, еңбек ардагері Қ.Байкеновке, Алматы қаласы бойынша СЭБД басшысы Ж.Бекшинге «Парасат» ордені, I дәрежелі «Достық» ордені «КИМЭП» университетінің ректоры Ч.И.Бәнгке тапсырылды.

Мемлекеттік наградалар, сондай-ақ, ғылым мен білім, мәдениет және денсаулық сақтау қайраткерлеріне, мемлекеттік қызметкерлер мен қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін құрылыс компаниялары мен ұйымдар қызметкерлеріне берілді. Олардың арасында «Алатау Ақпарат» ЖШС қызметкері Бақыт Ойса «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. «Ақшамдықтар» барлық награда иелерін мәртебелі марапаттарымен құттықтайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, «Барыс» орденінің иегері:

– Біз үшін Тәуелсіздіктен ыстық, одан асқан ұғым жоқ. Биылғы мерейлі жылдың баршамыз үшін межесі биік, мәртебесі асқақ. Тәуелсіздігіміздің жаңа дәуірге кіндігі асқар Алатаудың етегіндегі ару Алматыда кесілуінің өзі әрбір алматылық тұрғын үшін аса зор мәртебе. Халқымыз «тар жол, тайғақ кешу» заманын басынан кешіріп, ұлтарактай жері үшін жаумен жаға жыртасып, елі мен жеріне деген сертіне адалдық танытты. Біз бүгін қолымызға қонған құтымыз, тәңірдің сыйы Тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай қорғап, аялауға тиіспіз!

Тамара ШӘКІРОВА, Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

– Ғасырлар бойы ата-бабамыз армандап кеткен Тәуелсіздікке қол жеткізген біз не деген бақытты ұрпақпыз! Менің әкем Мұхтархан соғыстың зардабын көріп, ашаршылықтан аман қалған ұрпақтардың бірі. Балаларына Тәуелсіздікті тұмардай сақтаңдар деп өсиет қалдырып кетті. Бүгінде менің өзім де еңбек ардагерімін. Ұрпақ тәрбиелеген ұлт ұстазы ретінде мен қашанда тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы ата-бабамыздың мұраты туралы жастардың санасында жаңғыртумен келемін. Осынау қиындықпен қол жеткізген, тағдырдың талай сынынан өткен Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай.

Талғат ТАЛДЫБАЙҰЛЫ, №172 мектеп-гимназияның директоры:

– Еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасына ие болу мен үшін үлкен қуаныш болса, әрі зор жауапкершілік жүктеп отыр. Ең алдымен, осынау мереке аясында еліміздің білім саласы қызметкерлерінің Мемлекет басшысына деген алғысын жеткізім келеді. Осынау 30 жыл ішінде білім саласында қаншама жаңалықтар мен толайым табыстар болды. Біз жаңашылдыққа бет бұрып, әлемдік білім кеңістігіне қадам бастық. Осының барлығы 30 жылдың ішіндегі қол жеткізген зор табысымыз дер едім. Біз өзімізге жүктелген сенім үдесінен шығамыз. Тәуелсіз елдің тағдыры саналы, білімді ұрпақтың қолында!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Еңбегі еленді



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесіне орай, еңбегімен ерекшеленген бірталай азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Марапат иегерлерінің қатарында әріптесіміз, «Almaty aqshamy» веб-сайтының шығарушы редакторы Бақыт Ойса да үлкен құрметке бөленіп, «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды.

Біз еңбеккор, ізденімпаз әріптесіміз Бақыт Бекболатұлына зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Марапат құтты болсын!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ДУБІРЛІ ДОДА

ЕЛІМІЗ ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

джиу-джитсудан халықаралық турнир өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Айжан БҮРКІТБАЕВА

Кеше Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында джиу-джитсудан «Almaty jiu-jitsu kids cup» халықаралық турнирі өтті.

Оған халықтың әлеуметтік осал топтарынан, аз қамтылған отбасылардан, балалар үйлерінен 400-ден астам бала, сондай-ақ Абу-Дабидегі әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысты. Дүбірлі додада жақын шет елден, атап айтқанда, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан келген спортшы балалар бақ сынады.

Жарысқа Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Sagadat Batyr – QTT» спорт клубы бастамашылық етіп отыр. Турнирдің басты мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ балалар спорт түрлерін дамыту болып табылады.

Спорттық шараның жеңімпаздары мен Абу-Дабиден елге жеңіспен оралған спортшыларды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров арнайы марапаттады.

– Біздің спортшыларымыз жақында джиу-джитсудан Абу-Дабиде өткен әлем чемпионатынан үлкен жеңіспен оралды. Спортшыларымыз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында бүкіл әлем алдында абыройымызды асқақтатып, алтыннан алқа

тақты. Бұл – еліміз үшін үлкен мәртебе. Чемпиондарды шын жүректен құттықтаймын! – деді Б.Бабақұмаров. Ол жеңімпаздарға Алғыс хаттар табыстап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін оқыды: «Құрметті турнирге қатысушылар! Сіздерді ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай джиу-джитсудан өткен халықаралық турнирдің ашылуымен құттықтаймын! Ұлтың дамуы мен елдің өркендеуіне жастардың қосар үлесі ерекше. Елдің атын әлемге танытып, Абу-Дабиде өткен чемпионатта үздік атанған спортшыларымыз – біздің үлкен мақтанышымыз», – деп жазылған ҚР Президенті жолдаған хатта.


Турнир ұйымдастырушысы Нұрсұлтан Орынбасаровтың айтуынша, мұндай шаралар жағасын табады. Ол жақында грек-рим күресінен Мәскеуде өтетін әлем чемпионатында да жас спортшыларымыз есе жібермей, жүлдемен оралатынына сенімді екенін айтты.

– Қазіргі таңда «Бақытты болашақ» қорымен бірге, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Sagadat Batyr – QTT» спорт клубында «Жанұя» балалар үйінің балалары тегін жаттығып жатыр. Оларды өз қамқорлығымызға ала отырып, спорттық киімдермен қамтамасыз етіп, жарыстарға апарып жатырмыз. Болашақта елді танытатын чемпиондар болатынына сенімдіміз. Сондай-ақ, бүгінгі турнирде әлем чемпионы атанған қазақстандық жас спортшылар алаңға шықты. Және жақын шет елден спортшылар қатысып жатыр. Алдағы уақытта алыс шет елдің де спортшыларын тартып, халықаралық деңгейде турнир өткізсек деген жоспар бар, – деді Н.Орынбасаров.


САНДАР СӨЙЛЕЙДІ




Мегаполисте
87 000
азамат әлеуметтік
көмек алады.



Шаһарда жыл басынан бері
92 шақырым
су құбыры тартылды.



Биылғы жыл басынан бері
Алматы экономикасы
5,5%-ға
өсті.



2023 жылдың соңына
дейін
33 145
LED шам орнату
жоспарланған.



Қалада жұмыс істейтін
азаматтардың
74%-дан
астамы
жоғары білімді.

«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ЭТНОСАРАЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Динара МҰРАТ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары И.Смирнова, А.Бойчин, Ғ.Құлашметов этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау мен мемлекеттік бағдарламаларды халықтың әртүрлі санаттарына түсіндіру мақсатында 9–11 желтоқсан аралығында Алматыға жұмыс сапарымен келді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер клубымен, басқа да БАҚ өкілдерімен «Дөңгелек үстелде» жиналды. Онда этносаралық журналистиканың даму мәселелері, заманауи патриоттық сезімді тарату жолдары қаралды.

«Ақпараттың бүгінгі қоғамдағы маңызды рөлі, ондағы журналистердің атқарар рөлін ескерсек, оларға жүктелген жүктің ауыр екені сөзсіз. Қоғамда өзіндік көзқарасы бар, білімі бар, шығармашылығын шарықтата білген

журналистер аз емес. Сонау 2000 жылдардан ақпараттық кеңістікте қазақ тіліне сұраныстың аздығы сезілгенімен, өмірдің көшімен, лебімен қазақ тіліне деген сұраныс артып отыр. Әлі де осы бағытта жұмыс істеуіміз қажет», – деді Ғазиз Зейнел-Ғабиденұлы.

Одан бөлек, тұғырлы Тәуелсіздік мерекесін атап өту шеңберінде этносаралық қатынастар мен жалпыұлттық бірлікті дамытуға елеулі үлес қосқан, ерекше көзге түскен жұртшылық өкілдерін Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс грамотасымен марапаттау рәсімі өткізілді.

МЕРЕЙ

МАРАПАТТЫҢ САЛМАҒЫ БАР

Юлдаш Азаматов атындағы сыйлықтың алғашқы лауреаттары анықталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Еліміздің биылғы мерейтойлық айтулы жылында Қазақстан Журналистика академиясы осы академияның мүшесі болған, Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, көрнекті публицист, «Ұйғыр авазы» республикааралық қоғамдық-саяси газетін өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап 2012 жылға дейін басқарған, биылғы күзде мезгілсіз өмірден озған Юлдаш Азаматовтың құрметіне атаулы сыйлық тағайындаған болатын.

Нұржамал ӘЛШЕВА

Кеше интернационализм және ұлтаралық келісім тақырыптарында қалам тербеп жүрген және көпұлтты Қазақстанның бауырлас-тығын насихаттауға елеулі үлес қосқан үздік журналистерді марапаттау салтанаты өтті.

Юлдаш Азаматов атындағы сыйлықты тағайындау идеясын Қазақстан Журналисти-

ка академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев көтерген болатын. Ал жақсы бастаманы танымал бизнесмен, қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының бұрынғы орынбасары Ахметжан Шардинов пен ақын, жазушы, көптеген еңбектің авторы, оның ішінде «Ұйғыр қағанатының тарихы» туындысының авторы, суретші Азатжан Акимбек қолдап әкетті.

Юлдаш Азаматов атындағы сыйлықтың алғашқы лауреаттары болып «Ұйғыр авазы»

газеті бас редакторының орынбасары Ибраим Барат, «Эксклюзив» журналының Бас редакторы Қарлығаш Еженова, «Вечерний Almaty» және «Almaty aqshamy» газеттерінің баспагері болып табылатын «Alatau Aqparat» ЖШС-ның Бас директоры Төлеміс Құлмұхамедов танылды.

Ибраим Барат – Юлдаш Азаматовтың төл шәкірті. Көп жылдардан бері «Ұйғыр авазы» газетінде жұмыс істейді. Интернационализм мен халықтар достығы тақырыбында қалам тербеп жүр. Бұл оның журналистік тақырыбы ғана емес, өмірлік ұстанымы да.

Қарлығаш Еженова да бүгінде қоғамға танылған тұлғаға айналған. Бұрын университетте оқытушысы болған Сағымбай Қозыбаев оған ең үздік студент ретінде небәрі 19 жасында курстастарына курс жүргізуді ұсынған болатын. Сол тұста әртүрлі этностың балаларымен әртүрлі деңгейдегі қарым-қатынас орнатуда, түрлі пікір қайшылықтары орын алған кезеңдерде, сондай-ақ, жалпы өмірге деген көзқарасының қалыптасуына осы тәжірибесі көп ықпалын тигізді. Сонымен қатар, журналистік қызметіне де оң әсер етті.

Ал Төлеміс Құлмұхамедов салтанатты кеште сөйлеген сөзінде бұл мемлекеттік марапат болмаса да, оның қадір-қасиетін еш төмендетпейтінін атап өтті. «Юлдаш Азаматов атындағы сыйлықтың мәртебесі – айтулы қаламгердің де, сыйлықты иеленген журналистердің де Қазақстанның басты жетістігі болып табылатын ұлтаралық келісімге қосқан үлесін насихаттауда сіңірген еңбегінің бағалануы. Оның үстіне, бұл салтанатты шараның Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында көрініс табуы да салмағын арттыра түскендей», – деді ол.

Марапат құтты болсын, әріптестер!



ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

ӨЗ БІЛІМІМІЗ БЕН
КҮШІМІЗГЕ СЕНУІМІЗ
КЕРЕК

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жария еткен «Тәуелсіздік тағылымы» мақаласы еліміз үшін мәңгілік елдің болашағының бағытын анықтайды және біздің ұстанымымыз болатыны сөзсіз. Елбасы өз сөзінде «Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз!», – деп айтты. Шындығында, осы сөздер Тәуелсіздіктің түйіні, бізге бағдар беретін жолбасшы екені айқын. Бүгінгі заманда экономикада адами капиталдың орны ерекше екені белгілі, ал адами капиталдың негізі – білім. Сол себепті, Елбасы білімділікті ерекше айтып, барлық бағдарламаларында білім беруге ерекше көңіл бөліп келеді. Елбасы өз сөздерінде «Дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», «Бізге қазіргі заманғы экономикалық және қоғамдық модернизацияның сұраныстарына сай келетін білім беру жүйесі қажет» және «XXI ғасырда білімі озық ел бәсекеде жеңеді де білімін дамыта алмаған ел тығырыққа тіреледі» деп, білім беру саласының маңызын атап айтса, екінші жағынан Елбасының бастамалары Қазақстан білімін әлемдік деңгейге көтеруге себеп болды. Ол бастамалар қатарында Ұлттық білім беру жүйесін құру, «Болашақ» стипендиясы, Бірыңғай ұлттық тестілеу, Назарбаев Университеті, Назарбаев зияткерлік мектептерін құру, тегін бірінші жұмысшы мамандығын алу және басқаларды айтуға болады. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деп дана Абай айтқандай, біз тек өз біліміміз бен күшімізге сенуіміз керек. Елімізде талантты әрі дарынды, алғыр да өжет жастар жерлерік. Ендеше, «табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде», – деді Елбасы.

Nur Otan партиясының Сайлауалды бағдарламасында жастарға сапалы білім беруге мүмкіндік жасауға ерекше көңіл бөлінді. Еліміздің білім және ғылыми орталығы Алматы қаласында алдағы жылдары 15 жаңа мектеп және 25 мектепке жанама салынған ғимараттар, 15 мемлекеттік және 324 жекеменшік балабақша салу жоспарланып отыр. Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының жанындағы Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі аймақтық қоғамдық Кеңесі



осы жоспардың орындалуын бақылауда ұстап отыр. Кеңестің 4-отырысында 2021 жылы салынып бітетін 3 мектеп, 17 жанама ғимарат және 2 балабақшаның құрылысының барысы талқыланып, ұсыныстар берілді. Сонымен бірге, Кеңес мүшелері бірнеше рет құрылыс басында болып, жұмыс барысымен танысты. Осының барлығы партияның сайлауалды жоспарының мерзімінде орындалуына себепкер болып жатыр.

Елбасы 2012 жылы «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық бағдарламасын жариялағаннан бері көптеген идеяларын іске асырып келеді. Елбасы партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы сөзінде еңбек ету туралы көптеген ойларды айтып кетті.

«Мен жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру туралы идеяма оның бес принципі – эволюциялық даму, ортақ жауапкершілік, өзара серіктестік, ынталандыру мен кәсібилікке ұмтылуды атап көрсеттім. Онсыз кез келген қоғам көштің соңында қалуы мүмкін. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет», – деп айтса, тағы бір жерде: «Тәуелсіздікті нығайту – экономиканы нығайту. Бұл барша халықтың еңбегімен келеді. Сондықтан жас ұрпақ ел игілігі үшін әрдайым еңбек етуге дайын болуы қажет», – дейді. Осы сөздер еңбектің қадірін де, ерекше орнын да көрсетеді.

Тақир БАЛЫҚБАЕВ,
Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының жанындағы Білім мен ғылымды дамыту жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес төрағасы.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

А Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ауаның ластануы – Алматының ғана емес, қазіргі таңда әлемнің өзекті мәселесі болып тұр. Сарапшылар бұл зиянды құл-қоқыс шығаратын қатты отынды пайдаланудың салдары деп отыр.

Бүгінде осы мәселеге байланысты ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі қатты отыннан газға көшу жұмыстарын белсенді жүргізуде. Біріншіден, табиғи газды пайдалану көмірмен салыстырғанда өте тиімді және қауіпсіз болып саналады. Екіншіден, үйдің және сырттың экологиялық жағдайын жақсартыды. Қазіргі уақытта Алматы қаласы көгілдір отынмен 99% қамтамасыз етілген.

Жалпы, ауаның ластануына байланысты Алматы қаласы Экология департаментінің зертханалық-аналитикалық бақылау бөлімінің бас маманы Илияс Қайнарбаев жанармайдың әр түрін пайдалану кезінде атмосфералық ауаға бөлінетін ластануыш заттар шығарындылары мен жанармайдың зияндылығына байланысты салыстырмалы түрде мынадай талдау жасаған. Қатты отынды жағу кезінде ауаға

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ
табиғи газға ауысқанда жақсармақ

жанбайтын отынның қатты бөлшектері бар құл, күкірт оксиді, азот оксиді, фторлы қосылыстар, көмірсутектер, сондай-ақ отынның толық жанбауынан басқа да жағымсыз иіс бөлінеді. Сұйық отындарды жаққанда атмосфералық ауаға күкіртті ангидрид, азот оксиді, толық жанып бітпеген отын өнімдері, ванадий қосылыстары, натрий тұздары бөлінеді. Сұйық отын көмірге қарағанда біршама таза, қалдықтар ретінде көп жерді алып жататын, жел тұрса желмен бірге таралатын құл-қоқыстар бөлмейді. Демек, Илияс Қайнарбаевтың айтуынша, отынның экологиялық қолайлы түрі газ болып табылады. Алайда, Жылу электр станцияларын газбен қамтамасыз

ету жағдайында газ тәрізді отынды сақтау мүмкін еместігі қиындық туындатады. Өйткені, газ құбырларына маусымдық, айлық, апталық және сағаттық біркелкі емес тұтыну тән. Сонымен қатар, электр және газбен жабдықтау кестелері газ станцияларын отынмен қамтамасыз етуге теріс әсер етеді. Сондықтан спикердің пікірінше, жылу электр станциясын газбен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ірі жерасты газ қоймаларын салу қажет. Ал қазірше әлі де қатты отынды пайдалана тұруға тура келеді. Қорыта айтқанда, қатты отын табиғи газға ауысқанда, ең бастысы, қаланың экологиялық ахуалы жақсарыды. Ол анық.

БРИФИНГ

САНДЫҚ КАРТА – САПАЛЫ ЖҰМЫС

А Айжан
БҮРКІТБАЕВА

«Алматы қаласының бірыңғай деректер қоймасы» жобасы ұлттық конкурста үздік деп танылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Баян Қоңырбаев мәлімдеді.

Цифрландыру басқармасының «Алматы қаласының бірыңғай деректер қоймасы» жобасы «Qazaqstan Project Management Awards-2021» байқауының бірден екі номинациясы, атап айтқанда, «Жергілікті атқарушы органдар арасындағы жылдың үздік жобасы» және «Жылдың үздік жоба менеджері» бойынша жеңімпаз атанды. Осыған байланысты 2021 жылғы 7 желтоқсанда «Алтын сапа» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының жыл сайынғы рәсімінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы байқауын ұйымдастырушы жоба менеджері Аида Дәрменова марапатталды.

Алматының бірыңғай деректер қоймасы биыл іске қосылды, оған қалалық әкімдіктің барлық басқар-

маларынан, ведомстволық бағынышты коммуналдық және серіктестік ұйымдардан мәліметтер жинақталған. Оны әзірлеу кезінде Сингапурдың тәжірибесі пайдаланылды, онда ұлттық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар 30 жыл бойы осылай жұмыс істеп келеді.

Жиын барысында Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев Алматы қаласы әкімдігінің Цифрландыру басқармасы деректерді бірыңғай сақтаудың жұмыс құралы – IT-жинағыштың іске қосылғанын айтты. Осы негізде қала халқы тығыздығының картасы жасалған. Спикердің айтуы бойынша сандық карталар – деректерді визуализациялаудың ең танымал құралдарының бірі.

– Біз барлық ұйымдардың ЕХД платформасында алмасу үшін жеткілікті деректер көлемі жоқ екенін түсінеміз, сондықтан IT-жинағышты іске қосамыз, сонда барлық тілек білдірушілер қаланың кейбір негізгі деректерін көре алады, – дейді Алматы қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Б.Қоңырбаев.

IT-жинағышты іске асырудың алғашқы қадамы халықтың тығыздығы картасы болды. Ол әртүрлі

жас санаттары бойынша Алматыда 300х300 метрге дейінгі квадраттарда тіркелген (Мысалы, 16 жасқа дейін, 16-25, 26-35, 36-45, 46-55, 56-65 және 65 жастан асқан) тұрғындардың санын көрсетеді. Әзірлеушілердің айтуынша, карта жасау үшін ресми мемлекеттік статистика қолданылған.

Баян Қоңырбаев атап өткендей, карта түрінде ұсынылған осындай демографиялық мәліметтер – қаланың нақты ауданында мақсатты аудиторияны анықтау бойынша бизнес үшін жақсы демеу болмақ. Ешқандай басқа қолданушы немесе жеке деректер пайдаланылмайды. Бұл – салалық сарапшылар, зерттеушілер және студенттер үшін жедел талдаудың көрнекі ақпарат көзі. Сондай-ақ, осы картаның нәтижесінде алматылықтар халық саны бойынша ең қолайлы шағын ауданды таңдай алады. Мысалы, сайтта digital-almaty.kz «Алматы қаласының деректері» қойындысында COVID-19 пандемиясына байланысты деректер орналастырылған, қала бойынша адамдардың жиналуы мен көші-қонының жылу карталары бар, ұялы байланыс абоненттерінің 103, 1308 нөмірлеріне қоңырау шалу белсенділігін көруге болады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ

«АРТЫҚ АҚШАНЫ» АЛУ

мерзімі ұзартылды

Зейнетақы қаражатын «Отбасы Банкінің» депозиттеріне аудару функциясы 16 желтоқсаннан бастап іске қосылмақ. Бұл туралы банктің басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова хабарлады. Оның айтуынша, біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану ережелеріне өзгерістер енгізу процесі жеделдетілді.

«Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бұйрықты мерзімінен бұрын жариялауды жоспарлап отыр. Банк клиенттері үшін бұл өзгерістер жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз депозиттерді толтыру батырмасын 2021

жылдың 16 желтоқсанында қоспақпыз. Демалыс күндері арнайы шоттар мен депозиттерді ашуға дайынбыз. Негізінен, біздің банк клиенттерінің көбі арнайы шот пен депозиттерді ашып үлгерген. Ал үлгермегендері мерекелік дастарханнан кейін ноутбуктерін немесе компьютерлерін қосып, өздерінің біржолғы зейнетақы төлемдерін Отбасы Банкінің депозиттеріне аудару алатындай техникалық қолдауды қамтамасыз етуге дайынбыз. Ешкімге банкке келудің қажеті жоқ, барлық іс-әрекетті epnr-otbasu.kz платформасында онлайн-режимінде жасаған дұрыс», – деп жазды Ләззат Ибрагимова өзінің Facebook-тегі парақшасына.

Отбасы Банкі басқарма төрайы-

мының айтуынша, зейнетақы төлемін алудың жеткіліктілік шегі көтерілетіні туралы тосын жаңалық жарияланғаннан кейін бір апта ішінде артық ақшасын алуға бірден 170 мың адам өтінім берген. Осы жағдайға байланысты 9 желтоқсан күні Мемлекет басшысы зейнетақы жинағының артылғанын пайдалану мерзімін ұзартты.

Айта кетерлік жайт, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту, емделуге ақы төлеу немесе жеке қаржы компанияларының басқаруына беру мақсатында пайдалануға болады. 2021 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша, 545,5 мың салымшының өтініші орындалды, яғни 2 трлн. теңге сомасы мерзімінен бұрын



берілді. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешуге 1,95 трлн. теңге (97,1%) бөлінді. «БЖЗҚ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруында. «БЖЗҚ» АҚ Зейнетақы

активтерін басқаруды Ұлттық Банк Қазақстан Президенті жанындағы Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңеспен бірлесіп жүзеге асырады.

Назерке ИМАНӨЛІ.



БРИФИНГ

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТТІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мегаполистегі эпидемиологиялық ахуалдың тұрақты екендігіне және «жасыл» аймақта тұрғанына қарамастан, бейқам болмау керектігін атап айтты.

Спикердің сөзінше, қалада инфекцияның берілу индексі 5-ші күні өсіп келеді. Ал аурудан қорғанудың ең тиімді жолы вакцина екендігі де анық. «Алматылықтардың 50%-ы екпе алған. Біздің мақсат – осы көрсеткішті 80%-ға дейін жеткізу. Қаладағы ұжымдық иммунитет 57,3%», – деді Ж.Бекшин.

Ол қала тұрғындарын екпе салдыруға, ал алғашқы вакциналаудан өткендерге 6 немесе 9 айдан кейін ревакцина жасатуға шақырды.

Мегаполистің бас санитарлық дәрігері көбінесе инфекцияның козырғышы болып табылатын коронавирустан балалар мен жасөспірімдерді қорғау маңызды деп санайды. Ол, сондай-ақ, індеттің 60 жасан асқан адамдарға қауіп төндіретінін еске салды. Осы орайда

айта кетсек, бүгінде дерт жұқтырған алматылықтардың 98%-ы (136 863 адам) ковидке қарсы екпе салдырмағандар.

Спикер сонымен қатар, әлемді коронавирустың «омикрон» штамы алаңдатып отырғанын, оның патогендігі «дельтамен» салыстырғанда 3 есе жоғары екенін атап өтті. «Омикрон» әлемнің көптеген еліне тарап үлгерді. Оған шектеу шараларымен тосқауыл бола алмаймыз. Дегенмен, жаппай вакцина алу арқылы оның таралуын тоқтата аламыз. Вакцина салдырған жандар арасында вирусты жұқтыру көрсеткіші төмен және жұқтырған күнде де ауруды жеңіл өткереді», – деді Ж.Бекшин.

Спикер алматылықтардың дертті қай жерден жиі жұқтыратынын да атап өтті. Индет анықталғандардың 37,3%-ы сауда объектілерінде, 22,2%-ы қоғамдық көліктерде, 19,3%-ы отбасылық қарым-қатынас кезінде, 11,2%-ы базарларда жұқтырған.

Ж.Бекшин бұл ретте дерт жұқтырған тұрғындардың ішінде дені бұрынғыдай вакцина алмағандар екенін атап өтті: 27,7%-ы – 20–39 жас аралығындағы, 27,1%-ы – 40-тан 59

жасқа дейінгі, ал 24,4%-ы 60 және одан жоғары жастағы тұрғындар.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағали да вакциналау – инфекцияның таралуын тоқтатудың жалғыз жолы екеніне сенімді. Ал тіс дәрігері Гүлнар Сәлімова коронавирустың тістер мен ауыз қуысына ауыр зақым келтіруі мүмкін екенін айтты.

Әзірге Алматыда бүгінгі күнге дейін І компонентпен – 1 052 249 адам, екіншісімен 984 191 адам егілді. Вакциналандырылғандардың 122 743-і 60 жасан асқан жандар. Олардың ішінде 20 мыңнан астам адам Pfizer препаратымен егілген.

«Тәжірибе көрсеткендей, вакциналау жасөспірімдер, жүкті әйелдер және бала емізетін аналар үшін қауіпсіз. Бүгінгі таңда Алматыда Pfizer өндірген Comirnaty препаратымен 20 329 адам вакциналанды, оның ішінде 1207-і – жүкті әйел, 4152-сі – бала емізетін ана, ал 14 970-і жасөспірім», – деді ҚДБ өкілі.

Брифингте сөз алған «Клиника доброго стоматолога» клиникасының бас дәрігері, Қазақстан стоматологиялық қауымдастығының аймақтық директоры Гүлнар Сәлімова ковидтің пациенттердің ауыз қуысында бірқатар қабыну процестерін тудыруы мүмкін екенін ескертті. Ол – індет жұқтырған адамдардың дәмді сезбей қалуы, кандидоз, сүйек некрозы және басқа да патологиялық жағдайлар. «Мен барлық азаматты вакцина алуға шақырамын. Өйткені, бұл инфекция иммунитетті айтарлықтай төмендетеді. Стоматологиялық аурулар имундық қорғаныстың әлсіреуіне байланысты пайда болуы мүмкін», – деді тіс дәрігері.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖЕДЕЛ ӘРІ ДӘЛ

Ж.Бекшин коронавирусты анықтайтын экспресс-тестілеуді кеңейтуді ұсынды

Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында сөйлеген сөзінде экспресс-тестілердің тиімділігі жоғары және шығыны да аз екенін атап өтті.

Оның пікірінше, жедел тестілеу әдісі вирусты уақытылы анықтауға және оның жолын тезірек кесуге көмектеседі. Бұл бүкіл әлемде қолданылатын скринингтік әдіс. Яғни 15 минут ішінде COVID-19 диагнозын тез анықтауға болады. Коронавирус жұқтырған адамдардың жағдайы көбіне күрт нашарлап жатады. Сондықтан жедел тестілеу тәсілі бүгінгі таңда маңызды болып тұр.

«Біз өз зерттеулерімізге сүйене отырып, жедел тесттерді қолдану бойынша ұсыныстар дайындадық. Инфекцияның сәуір мен қыркүйек аралығындағы шектен тыс өрісген тұсында біз 10 зертхана базасында (оның 2-еуі Алматының инфекциялық клиникаларында) науқастар мен өздігінен келген пациенттердің назофарингеальді жағындыларының 4319 үлгісіне талдау жасадық», – деді СЭБД басшысы.

Зерттеу кезінде кешенді тәсілдер, мәселен, дәстүрлі ПТР-тесттер мен әлемдік деңгейдегі он түрлі экспресс-тестілер, оның ішінде қазақстандық «ECO Pharm KZ» те қолданылған.

SARS-CoV-2 антигенін анықтауға арналған мұндай экспресс-тестілер иммунохроматография әдісіне негізделген. Бұл әдіс коронавирустың инфекциясын тез және дәл анықтайды, әрі үлкенкішіге бірдей жасала береді.

Қаланың бас санитарлық дәрігерінің айтуынша, экспресс-тестілердің сезімталдығы өте жоғары, олардың нәтижелері халықаралық талаптарға сәйкес келеді. Олардың қуаты ПТР-ге қарағанда 1,5%-ға жоғары.

Ж.Бекшин осындай жедел тесттермен халықтың осал топтары үшін үйде, дәріханаларда, емханаларда, жедел жәрдем қызметінде, кәсіпорындардың вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерінің, медициналық персоналдың және т.б. қамтылу деңгейін арттыру бойынша жаңа іс-шараларды қарастыруды ұсынды.

Спикердің пікірінше, бұл бюджет қаражатын үнемдеп қана қоймай, медицина қызметкерлерінің күш-қуатын сақтауға да мүмкіндік бермек.

Баспасөз мәслихаты барысында Денсаулық сақтау магистрі, «Зертханалық медицина және сараптама қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Райхан Мамырова да осы жөнінде өз пікірін қосты.

«Жедел тесттердің тиімділігі әлемдік деңгейде дәлелденген. Біздің ғылыми тобымыздың сынақтары да жоғары нәтиже көрсетті. Сынақтарды қолдану жолы өте оңай, бір жиынтықта мұрын мен тамақтың жағындысын алуға арналған зондтар бар. Экспресс-тесттер бүгінгі таңда эпидемиологияның маңызды құралына айналып отыр», – дейді Р.Мамырова.



ШИПАГЕР

Күрделі ота сәтті өтті

Алматыда онкологиямен ауыратын науқасқа бірегей ота жасалды.

Алматы Онкология орталығының мәліметінше, 1965 жылы туған әйелдің бауырында, ұлтабардың түсу бөлігінде III дәрежелі жоғары көтерілетін тоқ ішектің қатерлі ісігі, паранефральдік майлы өзек және тамыр тромбозы болған. «Тексеру кезінде науқаста ісіктің ыдырауы да анықталды. Жабдық ішек перфорациясы. Токсикалық-анемиялық синдром. Ауыр анемия. Пациенттің жай-күйі өте қиын болды», – дейді орталықтың онколог-хирургі Нұрлан Балтаев.

Дәрігердің айтуынша, орталықтың онкологтары күрделі бірегей ота жасады: лапаротомия, оң жақта гастропанкреа-

тодуаденальды резекциямен кеңейтілген біріктірілген гемиколэктомия, бауырдың VI сегментінің резекциясы, оң жақтағы паранефральдік майлы тіндердің резекциясы, илеоколиялық венаның тромбозы, лимфадиссекция. 4 сағатқа созылған ота сәтті аяқталған. Операциядан кейінгі кезең ешбір қиындықсыз өтіп, науқас екі аптадан соң қанағаттанарлық жағдайда ауруханадан шығарылды.

Осы орайда, онкологтар Алматы тұрғындарын тіркелген жері бойынша қалалық емханалардан тегін скринингтен өтуге шақырады. Себебі, скрининг кеселді ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді. Соған орай ем-дом да ерте жасалып, сауығып кетуге болады. Мамандар пікірінше, мегаполисте скрининг пен онкологиялық науқастарды ерте диагностикалаудың нәтижесінде қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші де едәуір төмендеген.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Алматы қаласы №12 емхананың дәрігер-иммунологы Светлана Постнова күн сайын жұмыс барысында екпе егуге қарсы адамдармен бетпе-бет келіп жатады.



Оның кәсіби міндеттерінің бірі – көпшілікке вакцинаның қажеттілігін дұрыс түсіндіру және дұрыс ақпарат беру. Светлана Постнова денсаулықты сақтауда және жаңа штамды жұқтырып алмауда халықты имундау шарасы мен ұжымдық иммунитет көмектеседі деп санайды. Дәрігер-иммунолог бүгінгі таңда қолда бар вакциналардың тиімділігін, олардың бірнеше зерттеу сынағынан өткенін, сондықтан олар ревакциналау кезінде де қауіпсіз екенін атап өтті.

«Вакциналау – емдеудің баламасы емес, бұл көбінесе адамдарды қорғаудың, олардың денсаулығы мен өмірін сақтаудың жалғыз тәсілі. Вакцинаның әсерін ұзарту үшін ревакциналау қажет. Вакцинаның қосымша

дозасын енгізу адам ағзасында антиденелердің белсенді өнуіне ықпал етеді», – дейді С.Постнова.

Иммунолог мүмкіндігінше көп адамды, соның ішінде балаларды вакциналау керек деп санайды.

«Өткен жылы балалар мен жасөспірімдер КВИ-мен ауырмайды, егер олар ауыра қалса, белгілері байқалмайды немесе ауруды жеңіл өткереді деген ұғым болған. Биыл бұл бейқамдыққа жол берілмеу керек. Балалар мен жасөспірімдерде де індеттің симптомдары бар, кейбіреулерін ауруханаға жатқызуға тура келуде. Сонымен қатар, коронавирустан кейінгі көпжүйелі қабыну синдромы балаларға тән болып тұр. Оларды вакциналау керектігінің себебі де осы. Қоғамдық ортада көп жүретін жасөспірімдерді вакциналау да «ұжымдық иммунитеттің» көтерілуіне едәуір ықпал етеді», – деді №12 қалалық емхананың дәрігері.

Тақырыпқа орай айта кетсек, медициналық тәжірибе көрсеткендей, коронавирусқа қарсы екпе алмаған науқастардың дерті ауыр өтеді. Сонымен қатар, олар күрделі постковидті синдромға ие болмақ. Вакциналар адамның денесін ковидтен «тазартуға»

мүмкіндік береді. Сондықтан екпе алудан бас тартпайық.



№7 қалалық клиникалық аурухананың педиатр-дәрігері Қарлығаш Байдулла вакцинадан кейін жасөспірімдер мен жүкті әйелдердің имундық жүйесі қорғалады деп санайды.

Сондықтан ата-аналар балаларының қазір вакцина алғанына мән бергені абзал дейді. Дәрігер-педиатр коронавирустың «төртінші толқыны» кезінде қалада аурудың «жасара» түскенін, ковид жұқтырған балалар да ауруханаларға жиі түсе бастағанын атап өтті. Ал COVID-19-дың салдары кәрі, жасты таңдап жатпайды, бәрінде бірдей.

Қ.Байдулла физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүкті әйелдерді де вакциналау қажеттігі туралы баса айтты.

«Мұндағы мақсат: ананы және баланы қорғау. COVID-19-ға қарсы екпе алу қауіпсіз. Ал егер жүкті әйел ковид жұқтырар болса, аурудың өзі бірқатар асқынуларға әкеліп

соқтырады. Соның ішінде коагулопатия, қан ұюының бұзылуы, ұрықтың антенатальды өліміне, плацентарлы бөлінуге және қан кетуге әкелетін қан ұйығыштарының жоғарылауын атап өтсек болады. Вакцинаны 2-ші және 3-ші триместрде алуға болады, осы кезеңде екпенің ұрыққа әсері жоқ, ол қазірдің өзінде қалыптасқан», – деп түсіндірді дәрігер.

Сондай-ақ, Қ.Байдулла бұған дейін екпенің екі дозасын да алған алматылықтарды ревакцина ектіруге шақырды. Оның айтуынша, антиденелер белгілі бір уақыттан кейін күшін жоғалтады. Сондықтан үшінші вакцинаны алған дұрыс дейді. Ревакциналаудан өту кезінде басымдық карттарға, созылмалы аурулары бар адамдарға берілуі тиіс деп санайды.

Дәрігердің сөзінше, адам ағзасы вирус туралы ақпаратты алғашқы екі вакциналаудан кейін сақтайды. Егер ол ұзақ уақыт бойы тиісті антигенге тап болмаса, имундық жүйенің белгілі бір бөлігін толық «жауынгерлік» дайындықта ұстамайды. «Мысалы, вакцинаның екі компонентінен кейін организмдегі антиденелер саны 1000-нан 5000-ға дейін жетеді. Бірақ жарты жылдан кейін олардың саны азаяды. Егер денеді антиденелер болмаса, онда адам індетті тез жұқтырады. Ал ревакцина – бұл ағзаға антиденелердің көптеп қосылуы», – деді маман.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АЖАРЫ АЙШЫҚТЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Тәуелсіздік мерекесіне санаулы ғана күн қалды. Мерейтой қарсаңында Алматы қаласы ерекше ажарланып, қала тұрғындары мен қонақтарын көркем қуантуда. Осынау ұлық мерекеге қала әкімдігі бірнеше алаңдарды, даңғылдар мен көшелерді қайта өзгертті.

Алматы әкімдігі қызметкерлерінің айтуынша, қаланы тақырыптық безендіру мерейтой күнінің салтанатын сезіндіріп, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді оятуға, Тәуелсіздік жетістіктерін бағалауға, сүйікті қала мен елге деген құрметті арттыра түсуге түрткі болады.

Сәулет-көркем жарықтандыру Алматыдағы Республика, Астана алаңдарында, Тұңғыш Президент саябағында, «Медеу» БСК-нің жанына, «Алатау креатив хаб» ғимаратының алдына орнатылған. Бүкіл қала бойынша мерекелік билбордтар орналастырылған.

Ұлттық кітапхананың алдында ерекше инсталляция – Тәуелсіздіктің мерейтойлық күні белгіленген текше пайда болды. Бұл мөлдір текше жай қойылмаған, сәулетшілер оны ежелгі символға бағалайды әрі адамның ақылымен байланысты дейді. Мөлдір текше – дамудың, тұрақтылықтың, беріктіктің және ұзақтықтың символы. Сондықтан оны Ұлттық кітапханада орнату туралы шешім қабылданды.

Алатау ауданы әкімдігінің алдындағы





АЛМАТЫ

Кеше Республика сарайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті.



аланда киіз үй және шаңырақ түрінде инсталляция орнатылған, ол қараңғыда жарыққа оранып, ерекше сипатқа бөленеді. Шаңырақтың әр керегесі мемлекеттіліктің қалыптасуындағы белгілі бір кезеңді білдіреді. Композиция жаңа замандағы эстетикалық материалдардан жасалған.

Тағы бір мерекелік құрылым Наурызбай ауданы әкімдігінің алдындағы аланда орнатылды. Ескерткіште қанатты барысты басқаратын «Алтын Адам» бейнеленген, ол Қазақстан жеріндегі берік мемлекеттік билікті бейнелейді.

Әл-Фараби даңғылы, ШААЖ және Бұқтырма көшелері де тәуелсіздік тақырыбына сай безендірілді. Қаланың жаңаша бейнесі өзектілігін жоғалтпайтыны анық. Өйткені, патриоттық дизайн қала тұрғындарына Отанға деген сүйіспеншілікті еске салады. Сондай-ақ, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мерейтойлық инсталляциялар қаланың көркіне көрік қосып, көрнекі жерлеріне жаңарған әсем көрініс береді.

Назерке ИМАНӘЛІ.





МЕРЕЙТОЙ

«САПТАҒЫ СОЛДАТ»

ЖҮЗ ЖАСЫН ТОЙЛАДЫ

Жетісу ауданы әкімдігі мен аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері Филипп Губановтың 100 жылдығына арнап салтанатты кеш ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

төрағасы, генерал-майор Махмұт Телеғұсов, Nur Otan партиясы Жетісу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ерлан Давов арнайы келіп құттықтады.

Алғашқы сөз кезегін алған Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева ардагер туралы айта келіп, оның ерлікке толы өмір жолы жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті. Аудандық әкімшілік тарапынан қолдау көрсетуге дайын екенін айтып, мерейтой иесінің иығына шапан жапты.



100-ге келген жауынгерді республикалық «Генералдар кеңесі» қоғамдық кеңесінің

Ұлы Отан соғысының ардагері Филипп Губанов 1921 жылы 27

карашада Новосибирск қаласында дүниеге келген. Қарапайым отбасында тәрбиеленген бозбала әскери қызметкер болуды армандайды. Мектеп бітірген бойда танк училищесіне оқуға түседі. Ел басына күн туған кезде өз еркімен майданға суранып, Отан қорғауға аттанып, Германияға дейінгі жолды тегіс жүріп өтеді. Қарт жауынгер соғыстың зардабын еске алса, әлі күнге дейін жүрегі қан жылайды. Көз алдына шейіт болған жауынгер достары келеді. Отқа оранған ормандар мен деревнялар есіне түседі.

Салтанатты кеште Филипп Губанов өзіне көрсетіліп жатқан барлық құрметке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, өзінің әлі де «саптағы солдат» екенін әдемі әзілмен жеткізіп, қонақтарды бір күлдіріп алды. Ардагердің қызы Наталья Кислых әкесін әрдайым мақтан тұтатынын айтып, кешті ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Салтанатты кешті Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы: «Ұлы Жеңіс күні мерекесінде кездескенше!» деген тілегімен қорытындылады.

ДІН-ДІНГЕК

Түсіндіру шарасы
оң нәтиже берудеАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда «Деструктивті діни ағымдар әдептерімен, оның ішінде террористік белсенді аймақтардан оралған әйелдермен дерадикализациялаудың психологиялық процесін жүзеге асыру» атты конференция өтті.

Іс-шара дін жолынан адасушылықтың алдын алуға бағытталған. Конференция барысында сала мамандары теріс ағымдағы діни ұйымдардың ықпалына ұшырағандарды оңалту бойынша жылдық қорытынды шығарды. Биыл Алматыда діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы онлайн форматта 7494, ал офлайн түрде 40 мыңға жуық адамға психологиялық тұрғыда көмек көрсеткен.

– Деструктивті теріс ағымға кеткен азаматтарды оңалту орталығына өткізгеннен кейін Алматы қаласында құрылған арнайы комиссия тексереді. Комиссияда тексеріп, мемлекеттік органдар қарастырылғаннан кейін оларға «оңалтылды» деген қорытынды шығарылса, онда Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы өткізіп жатқан шараларға тарта бастаймыз, – деді Дін істері жөніндегі басқарманың басшысы Нұрлан Қымылов.

Сондай-ақ, жиында әдістемелік кітаптың тұсаукесері өтті. Жинақ авторларының айтуынша, бұл нұсқаулық жас мамандардың біліктілігін шындай түсуде үлкен маңызға ие. Сондай-ақ, теріс діни ағымдардан сақтануда теория жағынан атқаратын қызметі мол.

– Әдістемелік құрал – «Жусан» операциясымен елге қайтарылған әйелдермен тікелей тәжірибеде жұмыс істеп жүрген мамандардың жазған құралы. Құралдың ішінде психологиялық, теологиялық тұрғыдан радикалдарды, қайтарылған кісілерді оңалту бойынша әдістемелік ұсыныстар ұсынылған, – деді исламтанушы Асқар Сабдин.

Іс-шара соңында діни экстремизмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жүргізген ұстаздар марапатталып, арнайы сыйақылар табысталды. Оразбек Шағыбаев – 1-орын (110 000 тг.), Зарина Фридоровна – 2-орын (80 000 тг.), Қарлығаш Мырзағалиқызы – 3-орын (60 000 тг.) иеленді. Бұл ақпарат-түсіндіру тобына алдағы уақытта қарқынды жұмыс істеуіне ынталандыру болатыны айтылды.

– Ең бастапқы уақытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген уақытта «не болады екен?» деп уайымдаған болатынбыз. Әсіресе, базарларда лекция оқыған уақытта халық тыңдамайтын шығар деген қорқыныш болды. Ақпараттық-түсіндіруді бүкіл базарға естілетіндей етіп микрофонмен жүргіздік. Кейін лекция тәмамдалған соң соңында айтылған байланыс нөміріне хабарласқан адамдардың көп екенін байқадық. Содан кейін түсіндіру жұмыстарымыздың оң нәтиже беріп жатқанын түсіндік. Қазіргі уақытта көк базар сынды үлкен кешендерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымызды жалғастырып жатырмыз, – дейді ұйымдастырушылар.

ЖӘРМЕҢКЕ

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мегаполисте ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейімен, «Бақыт» сәндік-қолданбалы өнер орталығымен бірлесіп, «Арт-Шығыс базары» атты Орталық-Азиялық дәстүрлі колонер көрме-жәрмеңкесі өткізілді.

Жаңажылдық мереке қарсаңында келушілердің назарына сыйлық және кәдесый өнімдерінің эксклюзивті авторлық жұмыстарының кең спектрі ұсынылды. «Сыйлық айрықша болуы керек. Қолданбалы өнер өнімдері – алуан түрлі форма, идея мен стильдердің тоғысуы. Келушілердің назарына ұлттық киімдер, күмістен жасалған сәндік бұйымдар, музыкалық аспаптар, табиғи материалдардан жасалған кәдесыйлар, киіз және жібек өнімдері, кенеппен салынған

«Арт-Шығыс базары»



болар. «Музейде өткізіліп жатқан іс-шара ұлттық өнерімізді ұлықтап, жас ұрпаққа тәлім-тәрбиесін беруде.

Жәрмеңкені тамашалауға немере қыздарыммен келдім. Оларға да кішігірім шашбау, сырға секілді кәдесыйларды тарту еттім. Балаларымыздың қазақи нақышта киініп, оны брендке айналдыруында

картиналар мен жаңажылдық ойыншықтар ұсынылды, – дейді ұйымдастырушылар. Ұлттық киімдер, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, мельхиор, алтын жалатылған және эмаль, музыкалық аспаптар, шығыс миниатюрасы, табиғи материалдардан жасалған кәдесыйлар қала тұрғындарының көңілінен шығып қана қоймай, қазақи салт-дәстүрімізді бір жаңғыртты десек, артық айтпағанымыз

осындай жәрмеңкелердің алар орны ерекше болмақ», – дейді қала тұрғыны Бакыткүл Тұрлыққызы. Сондай-ақ, көрме-жәрмеңке барысында музей қонақтары үшін қыш ыдыс жасаудан шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Көрме-жәрмеңке аясында музейге келушілер үшін танымал қазақстандық суретші, қыш шебері Әлиасқар Мұсаев қыш колонері бойынша шеберлік сабағын көрсеткен болатын.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

100 отбасына көмек

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен дүниежүзілік Еріктілер күніне орай, өткен жексенбіде мегаполистегі 105 отбасына азық-түлік таратылды.

Әсел
ДАҒЖАН

Жаннатұл Фердауси қайырымдылық қоғамдық қоры қаланың әр ауданы бойынша 10–15 көпбалалы және жалғызбасты мұқтаж отбасыларды таңдап, әр отбасына ең қажетті деген азық-түлік түрлерін үлестірді.

– 10 кг ұн, 5 литр сұйық май, 5 кг күріш, 250 гр шай, 500 гр томат, 2 кг қант, 5 кг қарақұмық жармасы, бұршақ, 3 кг-нан 3 түрлі макарон, сұлы, тауық еті, дәретхана қағазы, тіс пастасы, 2 түрлі сабын және кір жуатын ұнтақ берілді, – деді қор мамандары.

Аталған қор негізі, Сарыағаш колледж-медресесінде білім алып жатқан шәкірттердің жағдайын жақсартуға үлес қосу мақсатымен ашылған. Қазір Қазақстанның 14 облысында қордың филиалдары жұмыс істейді. Ай сайын қайырымдылықтан түскен қаражатқа көпбалалы және жалғызбасты мұқтаж отбасыларға тұрақты түрде азық-түлік таратылып, қыста көмір түсіріп береді.

Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданындағы Құран оқуға және Ислам мәдениетін меңгеруге арналған медресе-колледжде 1000-нан аса



оқушы білім алуға. Алда 20000 орынға дейін кеңейтіп, университет салу жоспарлануда. Тәлім алушылар шет елге білім іздеп кетпей, Сарыағаш ислам орталығынан білімін жалғастыра алады. Оқу мен жатақхана тегін.

Медресе 9-сыныптан соң қабылдайды. Онда елімізді алға сүйрейтін иманды, әдепті шәкірт тәрбиелеумен қатар салауатты өмір салты мен қоғамдық құндылықтарды құрметтеу негіздерін де үйретеді.

Үздік оқытын ұлдар мен қыздар үшін қосымша курстар, үйірмелер бар. Қыздарға тігін, аспаздық үйірмесі жұмыс істейді. Сол сияқты, ағылшын тілі мен қарилық курстары бар.

ТӘРБИЕ

«Кітап» деген досы бар

Алматы қаласы ҚАЗ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде, кәметел жасына толмаған жазасын өтеуші жасөспірімдер арасында дәстүрге айналған «Кітапты шексіз оқу» жобасының биылғы іс-шаралары қорытындыланды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бас бостандығынан айырылған балалар бос уақыттарында кітаппен дос екендіктерін білдіріп, қазылар алқасына оқыған кітаптарының мазмұнын қысқаша баяндап берді. Алған әсерлерімен бөлісті.

О.Әмірхан «Қорғансыздың күнін», А.Турашов «Махаббат, қызық мол жылдарды», Е.Куандықов «Шұғаның белгісін», Қ.Нығыметов «Көшпенділерді», Е.Оржан «Махаббатым-конс-

тантты», А.Овсянников «Волоколамское шоссе», Д.Крючков «Великое нечтоны», М.Ельцов «Граф Монте-Кристоны», Н.Лубинец «А зори здесь тихие» кітабын оқыпты. Кітаптардың қысқаша мазмұнын өз түсініктерімен айтып берді. Оларды тыңдаған үлкендер балалардың талғамына риза болды. Ойларының жинақылығын атап өтті. Осындай рухани іс-шараларды өткізудегі басты мақсат – жастарды кітап оқуға тарту, сол арқылы ой-өрістерін кеңейтуге, тәлім-тәрбие беруге ықпал ету, жас ұрпақтың санасына туған елге, халқына деген құрмет дәнін себу.

Тәрбиелік мәні үлкен іс-шараның соңында қазылар «Кітапты шексіз оқу» жобасының барлық қатысушысына да жоғары баға берді. Бәріне «Қазақстан жастары» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Бейбарыс Зарипов грамота табыстады.

Жобаның жеңімпаз қатысушылары мекеме бастығының көтермелеу шараларына ұсынылады.



Алла елшісі (с.а.с) өмірін жақсы білетін не пайғамбарымыздың өмірі жайлы кітап оқыған оқырман қауым Алла елшісінің күніне 100 рет истиғфар айтып, Алладан кешірім сұрағанын жақсы біледі. Соңғы пайғамбардың өзі кешірім сұрап, тәубе еткенде, қарапайым адамдарға одан да көп истиғфар айту не береді? Біз бен сіз мән бермей жүрген истиғфарға қандай береке жасырынған?

Рауан ЧИНГУЖАНОВ, теолог, исламтанушы:

Алла Тағала адамзатқа ең үлкен бір құрал берген. Ол құралдың аты – ғибадат. Бұл ғибадат әртүрлі форматта, әртүрлі қызмет атқарады. Дүниелік өлшемде есіктер бар, үй бар. Сейф бар, оның ішінде қызық-қызық дүниелер бар, яғни қазыналар сақталып тұр. Құдайдың да қазынасы бар. Алайда, ол қазынаны ашып кіретіндей бізге бір кілт қажет десек, Жаратушы ол кілтті бізге бермеді емес, берді. Оны Құранда да, хадисте де көп жерде қайталау арқылы бізге үйреткен. Ол да керемет кілт, көптеген берекеттің, көптеген жақсылықтың есігін ашып, еркін кіріп, шыға бересің. Ол кілттің аты біздің әр мұсылманның өмірінде күнделікті қолдану керек – Истиғфар. Оның мағынасы – Алладан кешірім сұрау. Истиғфар ол сондай керемет бір мәселе. Адамның жүрегіндегі күнәлардың, қателіктердің қалдыратын дақтары бар ғой, сол дақтар шайылған кезде адамның жүрегі, рухы тазарып, берекеттің есігі ашылады. Истиғфар тікелей берекетке апармайды, ол біздің ішімізді, рухымызды, жүрегімізді, ақылымызды, ойымыз бен көз, құлақ сияқты жүрекке апаратын каналдарды тазалайды. Күнделікті көз бен құлақ арқылы неше түрлі таза да, «кір де» ақпараттарды қабылдаймыз. Истиғфар сол «кір» ақпараттарды жуып-шаяды. Истиғфар ішімізді толықтай тазалап, адамның таза жүрегі, рухы, нұрлы ақылы қалған кезде Алла Тағаланың біз білмейтін көптеген есіктері ашылады. Оны береке есігі деуге болады. Өмір болған соң түрлі жағдай болады. Белгілі бір қиналған жағдайда шығатын есік іздеп жатамыз. Ал сондайда рухы таза, жүрегі күнәдан пәк болған, әрдайым тілін истиғфармен дымқылдандырып жүрген мұсылманға Алла Тағала белгілі бір шығатын есік те ашып қояды. Бұл өте керемет құрал.

РУХАНИЯТТЫҢ ТАЗАРУЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Хасан Басридың ОҚИҒАСЫ

Хасан Басри өз заманында сахабалардың көзін көрген, керемет әулие, ғалым болған адам. Ол мешітке шәкірттерге сабақ беретін. Сондай кезде мешітке кіріп кететін де адамдар болатын. Хасан Басриді үлкен ұстаз деп білгендер келіп сұрақтарын қойып жататын. Сондай бір кісі келіп:

«Иә, ұлы имам, аспанның сараңдығы бізге қиын болып тұр. Көктен бір тамшы жаңбыр түспеді. Біз егінші, шаруа адамымыз. Соның нәтижесінде бізге қиындық жағдай туындады» дейді. Сонда Хасан Басри «Астағфирулла» деп Алладан кешірім сұра. Шынайы ықыласпен, жүрекпен сұра. Тіл мен жүректің ортасында бөгет болмасын, яғни кіршіксіз бір истиғфар айт дейді.

Екінші бір адам келеді: «Құрметті ұстаз, менің әйелімде белгілі бір деңгейде бедеулік проблемасы, яғни ұрпақ сүю мәселесі бар. Осыны қайтіп шешеміз?» дегенде ұстаз: «Астағфирулла» деп Алладан кешірім сұра, истиғфарды көп айт және ол жүректен тіл арқылы шықсын дейді.

Сол мәжіліс аяқталғанша үшінші бір адам келеді. «Менің де жағдайым қиын. Ризық мәселем де өте тар, белгілі деңгейде қарыздарым бар, қиналып кеттім, ұстаз» дейді. Хасан Басри оған да «истиғфар айт, Алладан кешірім сұра» дейді.

Сонда шәкірттерінде сұрақ туындайды: ұстаз сізге әртүрлі сұрақпен келген адамның бәріне сіз бірдей жауап бердіңіз. Сонда Хасан Басри ұстаз: Алла Тағаланың мына аятын естімедіңдер ме деп, Нұх сүресінен аятты мысалға келтіреді. Қазақша мағынасын айтсақ, бірінші, истиғфардың нәтижесінде адам күнәсінен арылады. Екіншіден, көк жомарт болып, бұлт келіп, сендерге берекеттің жаңбыры жауады деген аятты айтады. Үшінші, истиғфар сендердің мал-мүліктеріңді арттырады және ізгі ұрпақ нәсіп етеді. Истиғфар ең кемі Құранда айтылған осы төрт есік десек, оның өзі бізге өте көп нәрсені уәде етіп тұр.

ГИБРАТТЫ ОҚИҒА

Дұғамыз неге қабыл болмайды?

Тарихта Ибраһим ибн әдһам есімді әулие кісі өткен. Бір күні Басра қаласының базарының жанынан өтіп бара жатса, адамдар жиналып, оған:

– Уа, Әбу Ысқақ (Ысқақтың әкесі), біз қанша дұға жасасақ та, дұғамыз қабыл болмауының сыры неде? – деп сұраған екен. Сонда Ибраһим ибн Әдһәм былай деп жауап беріпті:

Өйткені, жүректерің мына 10 нәрсенің кесірінен өлген:

- 1 Алла Тағаланы таныдыңдар, бірақ оған бойұсынбайсыңдар.
- 2 Пайғамбарымызды (с.а.у) танып, оны жақсы көретіндеріңді айтасыңдар, бірақ оның сүннетімен жүрмейсіңдер.
- 3 Құран оқисыңдар, бірақ Құрандағыны амалға асырмайсыңдар.
- 4 Алла Тағаланың нығметін жейсіңдер, бірақ ол үшін Оған шүкір етпейсіңдер.
- 5 Шайтанның дұшпан екендігін айтасыңдар, бірақ оған қарсы әрекетте болмайсыңдар.
- 6 Пейіштің хақ екендігіне сенесіңдер, бірақ оған кіру үшін амал жасамайсыңдар.
- 7 Тозақтың хақ екендігіне сенесіңдер, бірақ оған жетелер істерден қашпайсыңдар.
- 8 Өлімнің хақ екендігін білесіңдер, бірақ оған дайындық жасамайсыңдар.
- 9 Ұйқыдан тұрасыңдар да адамдардың кемшіліктерін іздейсіңдер. Бірақ өздеріңнің кемшіліктеріңді ұмытасыңдар.
- 10 Мәйіттеріңді көмесіңдер, бірақ одан ғибрат алмайсыңдар, – деген екен.

Бұл әңгіме Ибраһим ибн Әдһамның досы, шәкірті, сопы Шақиқ ибн Ибраһим тарапынан нақыл етілген. www.islam.kz

Меккеге «Спутникпен» кіре аласыз

Саудия билігі 2022 жылдың қаңтар айының 1-інен бастап COVID-19 вирусына қарсы «Спутник V» екпесін алғандарды қабылдауға рұқсат етті. Бұл жайында is-lam.kz порталы өз кезегінде Ресейдің тікелей инвестиция қорына жөн сілтеген centralasia.media ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Десе де, «Спутник V» екпесін алған қажылар Саудия аумағына кірген соң 48 сағат карантинде болады әрі тест тапсырады. Осылайша аталған елге бұдан былай Moderna, Johnson&Johnson, AstraZeneca, Pfizer және BioNTech екпелерімен қатар «Спутник V» екпесін алғандар да Қажылық пен ұмраны өтеу мүмкіндігі ие болды. Оған қоса, коронавирустың «Омикрон» штамының анықталуына байланысты қажылық шарттарына ішінара өзгеріс

енгізген еді. Бұл жайында Al Jazeera телеарнасы хабарлаған болатын. Ұмра, яғни кіші қажылығын өтегісі келетіндер кем дегенде COVID-19 вирусына қарсы Саудия билігі мақұлдаған екпенің екі компонентін алуы тиіс болатын. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдағанмен, Саудия билігі жасаған тізімге енген екпені алғандар үш күндік карантиннен өтіп, шектеу шарасынан 48 сағат өткен соң тест тапсыруы тиіс болатын. Саудия билігі шетелдік қажыларға 30 күнге дейін Саудия аумағында болуға рұқсат етіп отыр. Аталған ел билігі жасы 18-ге толғандар мен бұл жастан асқандарға ғана қажылығын өтеуге рұқсат етеді.

Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



● ТҮРКСОЙ



Түркі дүниесі үшін маңызды

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Almaty creativ hub» ғимаратында халықаралық «ТҮРКСОЙ» басылымдары шығарған, Түркиядан әкелінген қазақ классик акын-жазушыларының 24 кітап-альбомының 2000-ға жуық данасы сыйға тарылды.

Кітаптар Алматы қаласына қарасты 24 кітапханаға таратылады. Оның ішінде 3 тілде жарияланған «Абай», «Үш Арыс», «Олжас Сүлейменов», «Шыңғыс Айтматов», «Қалам мен қағаздың махаббаты» және т.б. кітаптар бар.

«Ортақ мәдениеттің негізінде құрылған «ТҮРКСОЙ» қазір ешқандай саяси астарсыз, тек халықтар арасындағы достықты нығайту үшін қызмет етіп келеді. Бүгінде бұл ұйым қазақ халқының классик акын-жазушыларының шығармаларын бізге тарту етуде. Бұл дегеніміз, екі елдің арасындағы байланыстың нығыз әрі берік екендігінің көрінісі», – деді ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет.

Бүкіләлемдік өркениет тарихында түркі әлемінің рухани мұрасының алар орны өте зор әрі ол жаһандық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Ежелден-ақ түбі мен тамыры бір түркі халықтары өзара тығыз байланыста болғаны баршамызға аян. «Шара өткізуге көмектескен Алматы әкімдігі мен Мәдениет басқармасына рахмет айтқымыз келеді. Біздің шығарған кітаптарымызбен барша қала тұрғындары таныс болады деген сенімдеміз. Бұл кітаптар тек Қазақстан үшін емес, барлық түркі дүниесі үшін маңызды деп ойлаймыз», – деді Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының басқарма басшысы Санжар Мүләзімоғлы.

Шара соңында Түркі халықтарының өмірін, экономикасын, білімін зерттеп, барша халыққа таныстырған журналистерге «ТҮРКСОЙ» ұйымы бағалы сыйлықтар мен марапат қағаздарын табыс етті.

Санжар АСАНҒҰЛ,
ҚазИТУ-дың студенті.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Бала құқығы қорғалуға тиіс

Біздің елімізде балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау – ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі екені белгілі.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі республикамызда балалардың өмір сапасын жақсарту жөніндегі халықаралық стандарттарға жеткізуге бағытталған нақты жұмыстар қолға алына бастады. Осы бағытта еліміз бойынша 1994 жылдан бері қарай балалар құқығына қатысты 15 халықаралық құжат ратификацияланса, 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқығын қорғау жөніндегі комитеті құрылды. Сонымен қатар, 2007 жылдан ҚР Үкіметі жанында Көмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия өз жұмысын бастады. Қазіргі кезде бала құқығын қорғайтын бірнеше мекеме бар. Мәселен, еліміз бойынша «Жетім балалар мен ата-ана қам-

қорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары басшыларының республикалық кеңесі», «Үкіметтік емес ұйымдар кеңесі», «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім бағдарламасы жөніндегі республикалық кеңес бар.

Сонымен қатар, 1991 жылдан бері елімізде психологиялық-педагогикалық қызмет түрлері көрсетіліп, әрбір білім беретін ұйымда психолог, әлеуметтік педагог сияқты лауазымдар енгізілді. Ал 2016 жылы алғаш рет елімізде «Бала құқығы жөніндегі уәкіл институты» құрылды. Бұл ретте уәкілдің негізгі мақсаттары мен міндеттері белгіленген. Олар балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге міндетті.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша балалар үйлерінің саны азайып келеді. Соңғы 5 жылдың ішінде мұндай үйлердің саны 43-ке кеміді. Бүгінде жалпы контингенті қазіргі нақты мәлімет бойынша еліміздегі 97 балалар үйінде 23 416 бала тәрбиеленіп жатыр.

Назерке ИМАНӨЛІ.

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АКЦИЯ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми дерегіне сүйенсек, жыл сайын әлемде 50 мыңнан астам әйел тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан көз жұмады.

Ауыр жұдырық иесінен қорғанамын деп жүріп кісі өлтіріп алатын әйелдер де аз емес, олар ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылады. Сосын екі ортада бала жетім қалып жатады. Психикалық және физикалық ауыр жарақаттармен ауруханаға түсетіндердің балалары да зорлық-зомбылық көріністеріне жастайынан куә болып, қатты күйзеліске ұшырайды. Ал бұл энурез, кекештік, псориаз және т.б. психосоматикалық ауруларға әкеліп соқтырып жатады. Өкінішке орай, бүгінде Қазақстан да осы статистикадан ада емес. Былтыр карантин кезінде еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың деңгейі 41%-ға өскен. Жыл сайын «Дағдарыс орталықтарының одағы» заңды тұлғалар бірлестігіне мүше ұйымдар 25 мыңнан астам әйелге құқықтық және психологиялық көмек пен әлеуметтік қолдау көрсетеді. 17 мың адам №150 балалар мен жастарға арналған Ұлттық сенім телефонына жүгінеді, ал 7000-ға жуық балалы әйел әлеуметтік баспаналарды паналауға мәжбүр.

Таяуда елімізде «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік» халықаралық акциясы басталды. Акцияның мақсаты –

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Халықты жұмыспен қамту – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау аясында Алматы қаласы мәслихатының депутаттары қаланың Жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп, мегаполистің ірі кәсіпорындарының бірі – «ЛЭУ» ландшафтық-көгалдандыру компаниясын аралап, тыныстірілігімен танысты.

«ЛЭУ» тарихы 1969 жылдан басталады, яғни нарықта жүргеніне биыл 52 жыл. Жылдар өтсе де кәсіпорынның жұмыс істеу қағидаттары өзгерген жоқ. Компания директорының орынбасары Анна Башинская атап өткендей, «Адам – ең құнды ресурс», бірінші кезекте



баршамызды қатыгездікке бей-жай қарамауға шақыру, салауатты қарым-қатынас мәдениетін насихаттау, әділет жүйесінің мүмкіндіктеріне сенім артуға мүмкіндік беру, зорлық-зомбылық құрбандарына нақты көмек көрсету. Осы науқан аясында шаһардағы «Жан-Сая» дағдарыс орталығының өкілдері Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасымен бірлесе отырып, «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты баспасөз конференция өткізді. Оған осы саланың сарапшы-мамандарымен бірге, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер де қатысты. «Дөңгелек үстел» басындағы әңгімеде осы бір әлеуметтік өзекті мәселе жан-жақты талқыланды.

Акция аясында зорлық-зомбылық тақырыбын мәселе етіп көтерген фотосуреттер көрмесі де ұйым-

дастырылды. Республикалық «Мүмкін емес ештеңе жоқ» онлайн-байқауының қорытындысы шығарылды. Акция аясында Алматы қаласы бойынша демалыс және сауда ойын-сауық орталықтарында әйел-аналарды зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің инспекторларының, дағдарыс орталықтарының телефондары көрсетілген буклеттер мен парақшалар таратылды. «Өрқашан таңдауға құқығың бар» кітабының тұсаукесері өтті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған «Жан-Сая» дағдарыс орталығы мен «№150 балалар мен жастарға арналған Ұлттық сенім телефоны қызметінің» кеңсесінде «Сырласу» атты баспасөз-туры ұйымдастырылды. Мегаполистегі «Бақытты отбасы» орталықтарында өткен семинарлар да көп мәселенің шешімін табуға жол ашты деп білеміз.

«ЛЭУ»-де барлық жағдай бар

мұнда кадрлар бағаланады және қызметкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасалады. Қызметкерлерге толық әлеуметтік пакет, олардың жекелеген санаттары үшін тегін тамақтану және жатын-орын ұсынылады.

Штаттың 80%-ы – Алматы облысының тұрғындары. Барлық жағдай жасалғанына қарамастан, алматылықтар «ЛЭУ»-де жұмыс істеуге ұмтылмайтын көрінеді. Бүгінгі таңда мұнда 328 адам жұмыс істейді.

«ЛЭУ» фирмасы оңтүстік астананы көгалдандырумен айналысып қана қоймай, көкөністер, жемістер,

көк шөптер өсіреді, сондай-ақ мақсары майын өндіреді. Алматы қаласы Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Нұржан Ауталифтің сөзіне сүйенсек, орталық арқылы «ЛЭУ» фирмасына 2020 жылы 267 адам тұрақты және «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша 60 адам жұмысқа орналастырылған. Ал биыл жыл басынан бері тұрақты жұмысқа 156 адам тұрған. Келесі жылы мұнда тағы бірнеше ондаған жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Нұр ЖАМАЛ.

● КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Almaty Resort» санаторийіне:
– мұрағатшы;
– диспетчер;
– фельдшер-зертханашы керек.
Тел.: 8 701 794 90 56.

«ADAL» компаниясына:
– жүргізуші-экспедитор;
– ІС білімі бар диспетчер.
Тел.: 8 707 808 24 02.

«АДК» ТРК:
– сату бөлімінің менеджері;
– кассирлер;
– сатушылар;
– күзетшілер;
– аула сыпырушылар;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 701 769 98 83.
Сәтбаев көшесі, 90/5.

«АЛЬФА» қауіпсіздік орталығы ЖШС-ға:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) қажет.
Тел.: 8 700 715 04 00, 8 705 821 00 00.

«BERKUT SECURITY KZ» ЖШС-ға:
– күзетшілер (ерлер, әйелдер) керек, вахталық әдіспен жұмыс істеу мүмкіндігі бар.
Тел.: 8 701 163 11 10, 8 700 494 84 83.

«Қаржылық қызмет көрсету орталығы» ЖШС-ға:
– бухгалтердің көмекшісі қажет.
Тел.: 8 707 785 12 02.
Шевченко көшесі, 165 Б.

«Sail Cower King» компаниясына:
– сату жөніндегі менеджер қажет.
Тел.: 8 777 970 70 29.
Гагарин даңғылы, 124-үй.

«Happy Kids» балабақшасына:
– тәрбиеші қажет.
Тел.: 8 747 268 68 56.
«Құрамыс» шағынауданы, Балбырауын көшесі, 71-үй.

«Нәзік» ЖШС-ға:
– сатушылар;
– кондитерлер;
– наубайшылар;
– аспаздар;
– тазалықшылар;
– асуы жұмысшылары қажет.
Тел.: 8 705 410 25 31.
Масаншы көшесі, 23-үй.

«Inter teach» компаниясына:
– туризм жөніндегі менеджер;
– кадрлық іс жүргізу мамандары;
– дебиторлық берешекпен жұмыс жөніндегі маман;

– сақтандыру жөніндегі маман;
– сату жөніндегі менеджер;
– диспетчер керек.
Тел.: 8 777 773 99 99.

ALSER.kz дүкендер желісіне:
– сатушы-кассирлер;
– қоймаға кассирлер;
– операторлар;
– жүк тиеушілер қажет.
Тел.: 8 702 770 00 50.
Сүйінбай даңғылы, 2-үй.

Тұрғын үй кешеніне:
– диспетчерлер қажет.
Тел.: 8 701 310 38 41.

«Әлем және Ком» ЖШС-ға:
– қызметкерлерді іріктеу жөніндегі менеджер қажет.
Тел.: 8 701 703 33 71.
Гоголь көшесі, 86-үй.

«Қазақстан» санаторийіне:
– ағаш ұстасы;
– құрылысшы;
– дәнекерлеуші керек.
Тел.: 8 708 667 35 80.

СӘТТІЛІК
СЕРІГІҢІЗ БОЛҒАЙ!



ҚАУЛЫ

2021 жылғы 10 желтоқсандағы №4/494-1058

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 22 қарашадағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік нысандар құрылысы үшін Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №4/494-1058 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Набиев Сарсен Садирович	20-322-008-749	«Шұғыла» шағынауданы, Бәйгелі Батыр көшесі, 1/2 учаске	0,5492
2	Набиев Сарсен Садирович	20-322-008-750	«Шұғыла» шағынауданы, К.Кенжетас көшесі, 141/3	0,1277
3	Набиев Сарсен Садирович	20-322-008-751	«Шұғыла» шағынауданы, Бәйгелі Батыр көшесі, 1/1 учаске	1,4464
4	Набиев Сарсен Садирович Шагирова Индира Сабитовна	20-322-008-752	Шұғыла шағынауданы, К.Кенжетас көшесі, 141/4 учаске	13,1967

2021 жылғы 10 желтоқсандағы №4/494-1059

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-358 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралыАлматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-358 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 1, жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

1	«Jusan Property» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жароков көшесі, 230А учаске	20-313-011-518	2,8211
---	---	-----------------------------	----------------	--------

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, тел: **261-59-11**

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!**Анықтама телефондары:****8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.**

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Қазпошта» АҚ Алматы филиалы
«Алматы почтамты» бос орындарға жұмысқа жігерлі адамдарды іздейді:
– Байланыс операторы;
– Сұрыптаушы;
– Курьер;
– Жүргізуші – курьер;
– Жүргізуші – инкассатор.

Біз ұсынамыз:

– лайықты және тұрақты жалақы;
– Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тіркеу;
– кәсіби даму және мансаптық өсу.

Барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша HR бөліміне мына мекенжай арқылы хабарласуыңызға болады:

Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 134, 212-кабинет
(Дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін)

Байланыс телефондары: 8 778 969 09 20;
8 707 993 09 63.

*** Өзіңізбен бірге түйіндемеңіз бен жеке куәлігіңіз болуы керек.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
261-59-11, 259-88-99 (ішкі
0318) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРҰ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



БІЛІМ

ҰБТ-ҒА ТЕГІН ДАЙЫНДАЙДЫ

Әсел
ДАҒЖАН

Түлектер үшін қуанышты жаңалық бар. Ірі білім беру орталықтары ҰБТ-ға тегін дайындауды бастап кетті.

Бұл туралы Ұлттық тестілеу орталығы мәлімдеді. 8 желтоқсаннан бастап республикалық ірі білім беру орталықтары мектеп бітіруші түлектер ҰБТ-ға дайындалу үшін тегін онлайн сабақтар жүргізеді.

Сабақтар қашан және қайда өтеді?

Qazbilim – күн сайын сағат 20.00-де (Нұр-Сұлтан уақытымен) қазақ тілінде «Qazbilim.tv» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өткізеді.

Educon Dostyk – әр сейсенбі сағат 19.00-

де қазақ тілінде, ал сағат 20.00-де орыс тілінде «Dostyk Bilim» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өтеді.

Zerdeli – әр сейсенбі және бейсенбі күндері сағат 20.00-де «Zerdeli.kz» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өткізеді.

Sabaq online – әр сенбі сағат 15.00-де «Sabaq online» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өткізеді.


Samga – жұма күні сағат 20.00-де «Samga online» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өткізеді.

Daryn online – әр сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері сағат 18.00-де «Daryn online» YouTube арнасында тікелей эфирде сабақ өткізеді.

Ұлттық тестілеу орталығы барлық сабақтардың сақталатынын айтты.

ФЕСТИВАЛЬ

Мегаполисте «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде «SU Game Jam–2021» атты ойын құрастырушылар фестивалі ұйымдастырылды.

ОЙЫН
ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР
ОЗДЫАқтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шараға еліміздің 20-дан астам жоғары оқу орнынан 150-ге жуық студент қатысып, бақтарын сынады. «SU Game Jam–2021» – бағдарламашылардың, 3D және 2D суретшілердің, дизайнерлердің, геймдизайнерлердің, сценаристердің, музыканттардың және елдің цифрлық нарығын дамытатын инновациялық, перспективалы және қызықты бейне ойындарды әзірлеу мақсатында жиналған жас мамандардың командалық 3 күндік жарысы.

«Біздің жоба Left Alone деп аталады. Шыны керек, жеңімпаз боламыз деп күтпедік. Ал ұйымдастыру жағы жоғары деңгейде өтті. Алдағы уақытта да осындай байқауларға қатысып, бағымызды сынап

көреміз», – дейді жарыс жеңімпазы Андрей Чернышов.

Қатысушылар қысқа мерзімде «Ретро-стиль» тақырыбындағы жобаны қуатты шығармашылық жағдайда іске асыруға, өз әлеуетін іске асыруға, бизнеске өз прототиптерін ұсынуға, Индустрия сарапшыларының мастер-класстары мен тренингтеріне қатысуға мүмкіндік алды. Бәсеке қорытындысы бойынша Алматы Энергетика және байланыс университетінің болашақ IT мамандары топ жарып, 300 мың теңгенің сертификаттын иеленді.

Ұйымдастырушылар сайысқа қатысушылардың арасында болашағынан үлкен үміт күттіретін студенттердің бар екенін айтады. Олардың басты мақсаты – еліміздің цифрландыру нарығын дамытып, келешегі мол инновациялық бейнеойындар әзірлеу.

БӘРЕКЕЛДІ!

23 жастағы Алдияр Семедьяров «Менса» халықаралық қауымдастығына кірді. Оған әлем бойынша ең жоғары интеллект коэффициенті бар адамдар ғана мүше бола алады.

ЕҢ АҚЫЛДЫЛАР
ТІЗІМІНДЕ

Алдияр «Менса» туралы 2016 жылы алғаш рет естиді. Ол кезде аталған тізімге алғаш рет қазақ баласы Димаш Әділет қосылған екен. Екі ай бұрын Алдияр онлайн-режимде IQ-тестін ресми түрде тапсырады. Онда 45 тапсырмаға 20 минут берілген. Бір аптадан кейін «Менсadan» жауап келіп, ұйым өкілдері оны қабылдағанын жеткізген. Алдиярдың интеллект коэффициенті Векслер шкаласы бойынша 135 болып шыққан. Бұл көрсеткіш жер-жаһандағы 99 пайыз адамның ақыл-ойынан жоғары болып тұр.

– Мен ұйымның жауабын көріп таңқалдым. Алғашқы күндері сенбей жүрдім. Артынан «Менса» журналының кезекті санына атымды жазып, ұйым картасын жібергеннен

кейін қандай құрметке ие болғанымды түсіндім. Ұйымның желісінде парақша да ашып берді, – деді Алдияр.

«Менса» – интеллект коэффициенті жоғары адамдар кіретін ең танымал және ірі ұйымдардың бірі. Тест бақылаушылардың көзінше тапсырылады. Ол үшін әлемнің 50 елінде ұлттық топтар құрылған. Қазіргі кезде қауымдастыққа мүше адамдардың саны 120 мыңнан асып отыр. Олардың барлығы – 100 елдің өкілдері. Клуб 1946 жылы құрылған. Ұйымның негізгі мақсаты – адамзат пайдасы үшін интеллект дамыту, табиғатты зерттеу жұмыстарын қолдау, қауымдастыққа мүше болған адамдарға зияткерлік даму жағынан жағдай жасау.

СУРЕТШІ ӘЛЕМІ

БІР УАҚЫТТА – 4 ПОРТРЕТ

Қазақстандық суретші Шалқар Ақанов «МузАРТ» тобы мүшелерінің портретін бір уақытта салды. Суретші оған 7 сағат уақыт жұмсаған.



Суретшінің өнеріне аталған топтың әншісі Сәкен Майғазиев тәнті болған.

– «МузАРТ» тобының да 30 жылдығын тойлауды нәсіп етсін. Шалқартай, қолың дерт көрмесін. Жасай бер! – деп жазды әнші Instagram желісіндегі парақшасында.

Шалқар Ақанов Темірбек Жүргенов

атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы мектеп-интернаттың түлегі. Бүгінде оның Instagram желісіндегі парақшасында 20 мыңға жуық оқырманы бар. Ол көбіне портрет салумен айналысады.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19-ға қарсы вакцина
алғаннан кейін ауыру
қаупі бар ма?

Вакцинация - коронавирус инфекциясына қарсы жалғыз қорғаныш шарасы, аурудың ауыр түрлерін, асқыну қаупін азайтады.



Егер сіз екпе алғаннан кейін ауруды жұқтырғанның өзінде, ол жеңіл түрде, асқынусыз өтеді.

Есте сақтаңыз

Симптомсыз пациенттер инфекция көзі болып табылатынын есте сақтаңыз! Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты, қол гигиенасын және жөтелу этикетін сақтауды жалғастырыңыз.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЕКПЕ
ЖАСАҒАНҒА ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЙІН
ӨЗІН ӨЗІ ОҚШАУЛАУ КЕРЕК ПЕ?

Жоқ,
күнделікті өмір сүру салтын
ұстануға болады.

Бірақ жалпы сақтық шаралары туралы ұмытуға болмайды:
әлеуметтік қашықтықты сақтап,
қоғамдық орындарда
бетперде тағу қажет.



1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ